

ӘОЖ 82.01; МҒТАР 17.07.31

<https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.82>С.С. САГИДУЛЛИЕВА ¹, Қ.Р. КЕМЕҢГЕР ²¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: Samatovna2021@Inbox.Ru²филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: KKetenger@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДА ТҮН МЕЗГІЛІ МЕН ТҮСТЕР ПАЛИТРАСЫНЫҢ СУРЕТТЕЛУІ (Т. Әбдікәкімұлы өлеңдері негізінде)

Аңдатпа. Мақалада қысқа әрі нұсқа келетін тақырыптық-идеялық тұрғыдан жаңашыл көркем ізденістердің көрініс табуы, адам мен қоғам арасындағы мәселелер, ұлттық мінез ерекшеліктері қамтылған ақын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Тыныштықбек Әбдікәкімұлы поэзиясы талданады. Тыныштықбек ақынның шығармашылығындағы көркемдік шеберліктің қырлары, сондай-ақ оның дара – авторлық қолтаңбаларын анықтауға, рухани ізденістері мен шығармашылық тәжірибесінің сырына қанығуға, стильдік қолтаңбасын айшықтауға жол ашатын құрылымдар қызметінің өзіндік ерекшеліктері анықталады.

Ақынның «Ақшам хаттары», «Бесінші маусым жұпары» атты поэзиялық жинақтарындағы түн мезгіл-ұғымының когнитивті аспектілік белгісі талданады. Түн мезгілінде бейнеленген табиғат әлемі мен адам көңіл-күйін түрлі-түсті метафоралар арқылы берілуі айшықталады. «Түн» мезгілі арқылы романтикаға толы қисынсыз, алогиялық күйдегі образдар жүйесі қарастырылады. Сонымен қатар, Т.Әбдікәкімұлы поэзиясының тілі, поэтикалық мәтінде жаңа мағыналар мен интерпретацияларға ие болатын түстер семантикасы ұлттық таным тұрғысынан зерттеледі. Түстер палитрасы әлемнің біртұтас көркем суретінің ажырамас бөлігі болып табылатын ақын шығармашылығының лингвистикалық түсті картинасының ерекшелігін көрсетеді. Лирикалық кейіпкердің эмоционалды күйін, ішкі сезімін берудегі «түн» мен «түстер палитрасы» бейнелерінің жеке авторлық метафора, теңеулеріне талдау жасалады.

Зерттеу барысында ақын шығармашылығын жинау, топтастыру, сараптау, талдау әдістері жүргізілді. Жүргізілген зерттеулер түн мезгілі мен түстер палитрасының сапалық ерекшелігі авторлық даралық, көркемдік шеберлікті айқындайтынын дәлелдейді.

Кілт сөздер: қазіргі қазақ поэзиясы, түстер палитрасы, түн мезгілі, ұлттық болмыс, поэзиядағы ұлттық бояу, көркемдік шешім, поэтикалық мәтін.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Сагидуллиева С.С., Кемеңгер К.Р. Қазіргі қазақ поэзиясында түн мезгілі мен түстер палитрасының суреттелуі (Т. Әбдікәкімұлы өлеңдері негізінде) // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №3 (133). – Б. 158–167. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.82>

*Cite us correctly:

Sagidullieva S.S., Kemenger K.R. Qazirgi qazaq poeziasynda tun mezgili men tuster palitrasynyn surettelui (T. Abdikakimuly olenderi negizinde) [Description of the Time of Night and the Color Palette in Modern Kazakh Poetry (Based on the Poems of T. Abdykakimuly)] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2024. – №3 (133). – B. 158–167. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.82>

Мақаланың редакцияға түскен күні 23.01.2024 / қабылданған күні 27.09.2024

S.S. Sagidulliyeva¹, K.R. Kemengger²¹*PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: Samatovna2021@Inbox.Ru*²*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: KKemenger@mail.ru***Description of the Time of Night and the Color Palette in Modern Kazakh Poetry
(Based on the Poems of T. Abdykakimuly)**

Abstract. The article analyzes the poetry of Tynyshtykbek Abdikakimuly, a poet and laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan, focusing on the representation of innovative artistic quests from a thematic and ideological perspective, the issues between man and society, and the characteristics of national character. The article identifies the aspects of artistic mastery in the works of the poet Tynyshtykbek Abdikakimuly, as well as the unique features of the structures that open the way to determine his individual authorial signatures, gain insight into his spiritual quests, and highlight his stylistic signature.

The cognitive aspects of the concept of night in his poetry collections “Letters of Dusk” and “The Fifth Season of Fragrance” are analyzed. The depiction of the natural world and human emotions at night is vividly expressed through colorful metaphors. The imagery system during the “night” is explored, filled with romantic yet absurd and illogical states. Additionally, the language of Abdikakimuly’s poetry is examined from the perspective of national consciousness, focusing on the semantics of colors that acquire new meanings and interpretations within the poetic text. The color palette reflects the distinctive characteristics of the linguistic color picture of the poet's works, which are an integral part of a unified artistic image of the world. The analysis includes the individual authorial metaphors and similes of the images of “night” and the “color palette” in conveying the emotional state and inner feelings of the lyrical character.

The research involved collecting, categorizing, examining, and analyzing the poet's works. The conducted studies demonstrate that the qualitative characteristics of the night imagery and color palette define the author's individuality and artistic mastery.

Keywords: modern Kazakh poetry, color palette, time of night, national being, national painting in poetry, artistic solution, poetic text.

С.С. Сагидуллиева¹, К.Р. Кеменгер²¹*PhD докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: Samatovna2021@Inbox.Ru*²*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: KKemenger@mail.ru***Описание времени ночь и цветовой палитры в современной казахской поэзии
(на основе стихов Т. Абдыкакимулы)**

Аннотация. В статье анализируется творчество поэта, лауреата Государственной премии Республики Казахстан Тыныштыкбека Абдыкакимулы, в которой отражены кратко и емко новаторские в тематико-идейном плане художественные поиски, проблемы между человеком и обществом, особенности национального характера. Выявляются аспекты художественного мастерства в творчестве поэта, а также специфические особенности поэзии, которые позволяют выявить его индивидуально-авторский подход, проникнуться тайнами духовных поисков и творческого опыта, подчеркнуть стилистическую особенность.

Анализируется когнитивный аспект понятия ночи в поэтических сборниках поэта «Ақшам хаттары», «Бесінші маусым жұпары». В ночном времени изображается передача мира природы и человеческого настроения через красочные метафоры. Рассматривается через «ночной» период система образов в иррациональном, алогичном состоянии, наполненном романтикой. Кроме того, изучается художественный язык поэзии Т.Абдыкакимұлы, семантика цветов, которые приобретают новые значения и интерпретации в поэтическом тексте, с точки зрения национального познания. Цветовая палитра отражает специфику лингвистической цветовой картины мира поэта, которая является неотъемлемой частью целостной художественной картины мира. Проводится анализ отдельных авторских метафор, сравнений образов «ночи» и «цветовой палитры» в передаче эмоционального состояния, внутреннего ощущения лирического героя.

В ходе исследования были проведены методы сбора, группировки, анализа творчества поэта. Проведенные исследования доказывают, что качественная специфика времени «ночь» и цветовой палитры определяет авторскую индивидуальность, художественное мастерство.

Ключевые слова: современная казахская поэзия, цветовая палитра, ночная пара, национальный характер, национальная палитра в поэзии, художественное решение, поэтический текст.

Кіріспе

Тәуелсіздік кезеңіндегі поэзия жанрының дамуы басқа мәдени формалар секілді қалыпты түрде жүрмеді. Бірқатар жалпы кезеңдердің (пайда болуы, қалыптасуы, өркендеуі, құлдырауы) болуын ескере отырып, әрбір ұлттық дәстүрдегі мәдени формалардың динамикасының өзіндік ерекшелігі бар. Қазіргі поэзияның даму деңгейінің негізгі аспектілеріне тікелей әсер ететін бірнеше жағдайларды атап өтсек:

- дамыған дәстүрдің болуы – классикалық қағидалар және ұлттың мәдени жадына енген мәтіндер;

- әдебиетте бағын сынап көретін, «жазуға» барынша берілген (әдебиет-центристік) бөлігі кең шығармашылық қауымды құрайтын мектептердің болуы.

Басқаша айтқанда, біз адам мен мәдениет арасындағы қарым-қатынастың түбегейлі өзгеруін көреміз. Қазіргі қазақ поэзиясының даму тенденциясына, айқындық пен айшықты, кестелі тілімен танылып жүрген ақынның бірегейі – Тыныштықбек Әбдікәкімұлы.

Тыныштықбек Әбдікәкімұлы – тума талант. Ақын туындыларын оқи отырып, ойша сурет салып, айшықты бейнені көреміз. Вольтердің «Сурет – мылқау поэзия, ал поэзия – сөйлейтін сурет» деген анықтамасы Тыныштықбек Әбдікәкімұлының туындыларын талдай отырып, ғылыми тұжырым, өзіндік толғаныс жасауға болады деп білеміз.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы өнерді бес түрге бөліп, соның ішінде ең асылы сөз өнері екенін көрсетеді. Сөз өнерінің өзі адам санасының үш түріне: ақылға, қиялға, көңілге тіреледі деп, басты құралы – тіл деп тұжырымдайды. «Шығарма тілі екі түрлі болады: 1) Ақын тілі. 2) Әншейін тіл. Ақын тілі – айрықша өң беріліп айтылған сөз; әншейін тіл – ондай өң берілмей, жай айтылған сөз. Ақын тілімен сөйлегенде, сөзге айрықша өң берілгендіктен лебіз көрнекі болып шығады. Әншейін тілмен сөйлегенде сөзге өзгеше өң берілмегендіктен лебіз сида, жалаңаш болып шығады. Сондықтан алдыңғысы көрнекі лебіз деліп, соңғысы жалаң не көсе лебіз делініп айтылады» [1, 162-б.]. Тыныштықбек Әбдікәкімұлы жоғарыда көрсетілген Ахмет Байтұрсынұлының жіктемесіндегі ең биік өнердің түрі – сөз өнерін, ақын тілін меңгерді. Ақын поэзиясын оқығанда ақылға салып ойланар, қиялға ерік беріп, көңілге түйер мол қазына жинаймыз.

«Адам баласының ар-ожданына, ақыл-ойына, сыр-сезіміне суарылған көркем әдебиет яки әр халықтың автопортреті, ұлттық кескін-келбеті, тағдыры мен тіршілігінің көркем

шежіресі болып табылатын сөз өнері әрқашан өз орнында, тапжылмайды, өзінің түбегейлі тарихи миссиясын атқару абыройында қала береді» [2, 7-б.] деп академик Зейнолла Қабдолов айтқандай, Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Ақшам хаттары» жыр жинағы – ұлттық нақышта жазылған эстетикалық қуаты зор көркем еңбек. Автордың «Бесінші маусым жұпары» кітабында ақындық эволюцияның дамуын байқаймыз. Табиғаттың тылсым мезгілін бейнелеудегі өзіне тән қолтаңба стилін аңғарамыз [3].

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу барысында көркем мәтінге синхронды сипаттама жасалды. Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми-теориялық, философиялық әдебиеттер талданды, оларға лингвопсихологиялық тұрғыдан талдау жүргізілді. Ақынның түн мезгілі жайлы ойлары жеке топтастырылды, түстерге байланысты ассоциативтік пікірлері классификацияланды.

Ақын шығармашылығына зерттеу барысында шетелдік және отандық ғылыми еңбектер мен басылымдарға шолу жасалды. Тақырып бойынша теориялық еңбектерге сілтеме келтіріліп, Т. Әбдікәкімұлы шығармашылығынан мысалдар берілді. Ақынның түн мезгіліне қатысты және түстер палитрасын берудегі ерекшеліктері психологиялық тұрғыдан айшықталып, адамның қабылдауы мен эмоциялық белгілеріне әсер ету ерекшеліктері жағынан пайымдалды. Түн мезгілі мен түстер палитрасын берудегі автордың жеке қолтаңбасы дараланды. Тыныштықбек Әбдікәкімұлы поэзиялық туындыларындағы жаңашылдық пен көркемдік ізденіс үлгісі айқындалды.

Мақаланы жазуда әдебиеттанудағы зерттеу жұмысына бағытталған салыстырмалы-салғастырмалы, салыстырмалы-типологиялық әдістер қолданылды. Сондай-ақ зерттеу барысында жалпылау, жинақтау, баяндау, анализдеу, қорыту әдістері пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу

Көркем әдебиетте түн мезгілі мен түстер символикасы эмоционалды әсер берудің маңызды құралы ретінде қолданылады. Көркем мәтіндегі уақыт пен кеңістік мәселесіне келген кезде біз М.М. Бахтиннің теориялық тұжырымына сүйенеміз. Уақыт пен кеңістікке қатысты шетелдік, орыс ғалымдары арасында М.М. Бахтиннің «Вопросы литературы и эстетики», Ю.М. Лотманның «В школе поэтического слова», П. Сметхерсттің «Постмодерндік хронотоп» («The Postmodern chronotope»); «түн» мезгілінің поэзиялық туындыларда бейнеленуін Л.Н. Тихомированың «Ночная» поэзия в русской романтической традиции: генезис, онтология, поэтика», Л.А. Ерофееваның «Метафорическая объективация концепта ночь в поэзии Р.М. Рильке» [4] зерттеу еңбектерінен көреміз.

М.М. Бахтин «Вопросы литературы и эстетики» еңбегінде түн, қала, естеліктер барлығы ақын-жазушы шығармашылығында үлкен рөл атқаратынын айтады, мезгіл мен орын шығармашылық тұлғаның көркемдік белсенділігіне тікелей әсер етіп, эстетикалық тұрғыдан екінші орында екенін көрсетеді. Л.Н. Тихомированың зерттеулерінде «Түнгі поэзия» деп берілген анықтаманы аша отырып, түнгі мезгілді суреттеу адамның ішкі жан күйзелісінен кейін орын алатынын және де адам санасындағы рационалды элементтердің бәсеңдеп, иррационалды ойлауының дамуы суреттеледі [4] деп береді.

XX ғасырдың 50–80-жылдарынан бастап көркем мәтіндегі түс белгілерін лингвистикалық тұрғыда қарастыра бастаған зерттеу еңбектер жарық көрді. Жазушының түстер лексикасын қолдануы, шығармашылығындағы көркемдік бейнелеу мен эмоционалды-экспрессивті реңін берудегі маңызды элементі болып табылады. Орыс ғалымдарының ішінде Н.Б. Бахилинаның «История цветообозначений в русском языке», Е.А. Таныгинаның «Образ цвета в сознании носителя языка», 2005 жылы А.П. Васильевичтың редакторлығымен жарық көрген «Цвет и названия цвета в русском языке», М.Н. Везерова, А.Н. Майкованың «Лексика цвета, света в идиолектах Ф.И. Тютчева, А.А. Фета, А.Н. Майкова», Н.Н. Закированың «Цветопись в лирике В. Захарова», А.М. Плетнева, А.Ю. Агафоновтың «Семантика цвета как

изобразительное средство в поэзии (на примере анализа творчества С.А. Есенина)» атты еңбектерін, отандық ғалымдардан академик Ә. Марғұланның, академик Ә. Қайдар, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбековтың («Түр-түстердің тілдегі көрінісі»), ғалым С. Қондыбайдың («Арғы қазақ мифологиясы»), Р. Сыздықтың («Сөздер сөйлейді»), филология ғылымдарының докторы Б.Қ. Қасымның («Ұлттық дүниетанымдағы түр-түстердің символдық қызметі»), С.Б. Ерманованың («Қазаққа қасиетті қара сөзінің күдіреті»), Б.Қ. Асқарова («Жұмекен Нәжімеденов поэзиясындағы түр-түс концептісі») еңбектерін атауымызға болады [5]. Қазақ ақыны Тыныштықбек Әбдікәкімұлының туған жер туралы өлеңін өзбек ақыны Мухаммад Юсуфпен салыстырмалы түрде талдаған «Поэзиядағы концептілерді салыстыру» [6] зерттеулері бар.

Зерттеу нысанына алып отырған «Ақшат хаттары», «Бесінші маусым жұпары» атты жыр жинақтарының авторы Тыныштықбек Әбдікәкімұлы поэзиясының көркемдік қырын, формалық ізденісін, жаңашылдық іздерін зерттеген филология ғылымдарының докторлары Б. Жақып, Ж. Аймұхамбет, Б. Ердембеков, филология ғылымдарының кандидаттары С. Ержанова, Д. Ислам, С. Дүйсенғазы еңбектері дәйектемелер келтіру барысында қолданылды.

Талдау мен нәтижелер

Ақын, филология ғылымдарының докторы Бауыржан Жақып «...тегеурінді жырдың иесі Тыныштықбек Әбдікәкімов есімін өлеңсүйер қауым жақсы біледі. Оның «Алтай-Ертіс» кітапханасы арқылы жарияланған бір томдығы оқырманмен қауышты. Кітап – сөз жоқ, біз шолу жасап отырған жылдағы жаңалық екендігін айтпау ақиқатқа қиянат болар еді. Тыныштықбек жырларындағы көркемдік көзге ұрып тұр. Теңеу де, эпитет те, метафора да – бәрі-бәрі кездеседі. Бір қуанатыны – ақын соның бәрін әсемдеп, көркемдеп жазайыншы деп өзін-өзі күштемейді, табиғи көркемдік табиғи таланттың жүрегінен көктемгі жаңбыр тамшыларындай мөлдіреп төгіле береді» [7] деп, Тыныштықбек поэзиясының көркемдік қуатын танып, оған эстетикалық, бейнелілік тұрғыдан жоғары баға берді.

Т. Әбдікәкімұлының «Ақшам хаттары» атты жинағын талдай отырып, ақындық метафора, теңеу, эпитеттердің айшықты үлгісін кездестірдік. Тағы бір байқағанымыз, ақын өлеңдерінде түннің бейнеленуі ғажап берілген. Автор түні қара түн, мылқау түн емес, суретшінің бояулары секілді түрлі-түсті түн, жан біткен түн. Автор түні бірде ақынмен сырласса, келесі жолы бірге шарап ішсе, енді басқа кезде оған шабыт беріп, қаламына айналады.

Мифопоэтикалық дәстүр бойынша түн хаосты, өлімді, ессіздікті, алаңдаушылықты білдіреді. Ғарыштық уақыт ретінде түн – бос және адамға тәуелсіз денелермен (ай, жұлдыздар) толтырылған кеңістік. Т. Әбдікәкімұлы поэзиясында түн мезгіл-символы жеке шығармашылық іске асырыла отырып, әртүрлі семантикалық реңктерді ашады.

Түн жансыз, уақыттың бір мезгілі болса, Т. Әбдікәкімұлы түнге жан бітіре суреттейді: Қаздардың қаңқылынан қаймақ жалап, // Түнде сәл ай сәулесін тыңдап алам [8, 6-б.];

«Сезімнің сынықтарын құрсар күйді,

Сен маған осы қазір қисаң қидың!» -

Деп, түнгі құрбым отыр, омырауынан,

Бұр жарған жұлдыздардың иісі аңқиды...» [8, 6-б.]; Жалғыз көзі бозарған дию – түннің, // Жарқанаттар шыңғырып етегінен... [8, 22-б.]; Ақшамның әр адымын баспалар түн [8, 37-б.]; Құс ұйқымды қытықтайды қызылқұйрық бөрте түн... [8, 41-б.]; Түн құлағы қалқайып әр мұржаның түбінен, // Мені аңдиды... // Түн құлағы ілулі әр мұржаның түбінде» [8, 51-б.]; Хат жазам деп мен де сан, // Түнге қалам матырдым. Түнге қалам матырдым, жаныма іздеп бәтуә [8, 53-б.]; Көрдім мен түннің қызыл тамырларын... [8, 69-б.]; Бұл да – тірі түннің бірі пешенеңе бұйырған [8, 78-б.]; Мың сан жұлдыз қақпағына қағылған – // Табыт-

Түннің, жатып алып ішінде [8, 79-б.]; Түн. Жұлдыздар. Телефоным ұялы // Ұялыға дуаланар қиялым [3, 33-б.]. Байқағанымыздай, түнгі уақыт ақынның лирикалық кейіпкері үшін ерекше шабыт беретін, естеліктер мен сағыныш тудыратын оқиғалар өтетін кезі. Түн – тыныштық уақыты, оңаша қалатын тылсым сәт. Ақын адамға тыныштық пен жалғыздық сезімін сыйлайтын түннің жұмбақ болатыны әлмисақтан белгілі. Оңаша отырып түнмен тілдескен ақын көкірегін кернеген ойларын, мазалаған махаббатын, өкініші мен сағынышын, үкілі үміті мен аяулы арманын көркем бейнелеп қағазға түсіреді. Тыныштықбек ақын осылайша лирикалық кейіпкеріне түннің ғажап сәтін сезінуіне ерік береді. Оқырманға түн мезгілінің тылсым табиғатын ашады.

Адам көңіл-күйінің әр түрлі сәттерін ақын «түн» арқылы береді: Мұндайда әңгіме көп, түн – көңілді, // Тыңдайсың кішің менен үлкенінді [8, 8-б.]; Күні бойы қой бағып, // түні бойы, неше түрлі қияли түс көремін [8, 12-б.]; Мен мұнайсам – ішімде жатар бәрі: // тау көгеріп... көл сыздап... қанталап түн... [8, 20-б.]; Жұлдызды ойды жұлдызсыз түнде табам [8, 26-б.]; Түн арманын, тау күшін, көл талабын, // жылтыраған сөздермен саудала, мұң [8, 20-б.]; Сені ойлаумен боламын түні бойы, // Түні бойы тау жақта бұлт тоңады [8, 35-б.]; Түсімде – түн көрейін күміс табан [8, 38-б.]; Мен – түніңмін, жырыңа жұт боламын! [8, 39-б.]; Түнге ағызып жіберем хаттарыңды [8, 44-б.]; Келер түн қалың сәуле қалың-қалың [8, 37-б.]; Ұйқы мөрі басылғанда қаперге, // Түс көресің Түнді қран көтерген [3, 24-б.]. Ақын бірде жұлдызды ойды жұлдызсыз түнде табам десе, енді бірде метафоралық қолданыспен өзін қара түнге теңейді.

Т. Әбдікәкімұлы поэзиясындағы «түн» мезгілінің семантикасын топтайтын болсақ, біріншіден, «түн» қараңғылыққа толы үйдің сырты бейнесімен қатар ішкі атмосфераны бейнелейтін антропогенді фактор ретінде суреттеледі. Екіншіден, «түн» адамның психологиялық, эмоциялық күйлерін бейнелейді. «Түн» мезгілі арқылы ақын бірде қорқыныш сезімін берсе, енді бірде махаббат, тыныштықты білдіреді. Үшіншіден, «түн» арқылы уақыт өлшемін береді. Бұл топтың құрамы түн символының семантикасы өткенді, бүгінді және болашақты байланыстыратынын көрсетеді.

Ақын поэзиясындағы «түн» символының көңіл-күймен, тіршілік әрекеттерін бейнелеудегі ерекшеліктерін байқасақ, поэзиясындағы тағы бір ерекшелік түстер реңкінің берілу тәсілі деп танымыз. Белгілі мәдени бекітілген эмоционалды күйлермен және жағдайлармен байланысты түстердің берілу тәсілі сөз суретшілерінің (ақындар, жазушылар) дүниетанымының өзіндік элементтері ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл жарық (түс) элементтерін біз жеке-авторлық әлемнің бейнесін құру үшін маңызды ерекше кескін ретінде анықтай аламыз. Көркем шығармалардың тілін зерттеу аясында түс бірліктерінің (жеке-авторлық) мағынасы ерекше мәнге ие. Түсті лексиканың метафоралық және символдық қолданылуы автордың жеке сезімі мен эмоциясын білдірудің құралы болып табылады. Қарастырылып отырған бірліктер стилистикалық функцияларды орындайды, бұл жеке тұлғаның бүкіл ішкі, жеке және эмоционалды әлемін жеткізе алатын ерекше стилистикалық құрал.

Түр-түстердің өзіндік сипаты, тарихы, семантикасы, қолданылуы, т.б. мәселелер төңірегіндегі зерттеулерді Ә. Қайдар, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбековтердің «Сырға толы түр мен түс», «Түр-түстердің тілдегі көрінісі» еңбектерінен тануға болады. Бұл еңбектерде түр-түстің символдық мәні туралы: «Түр-түске байланысты» әр дәрежедегі, әр алуан, әр типтес символдардың пайда болуына о баста себеп болған не?» деген сұраққа: ең алдымен, жеке адамдардың өзін қоршаған табиғи түрлі түстер мен реңктерге көзқарасы, оларды сезінуі мен қабылдауы», - деп жауап береді [9, 74-б.].

Тыныштықбек Әбдікәкімұлы туындыларындағы түстердің суреттелу тәсілі мен авторлық көңіл-күйді білдірудегі сипатына мысал келтірсек.

Барлық халықтар түсінігіндегідей, қазақ танымында да «қара» мен «ақ» түстердің жақсылық пен жамандық түсінігіндегі қарама-қарсы түсінікте қабылданады. «Ақ» түс – күллі игі, жақсы қасиеттер бернесі болса, көп жағдайда қара түс – үрейдің, жамандық біткеннің бедеріне ие:

Құлағымен қидалап қара түнді, // Осқырынып қояды торы ат маған [8, 7-б.]; Қап-қараңғы үрейдің арқасындай // Мына түннен азырақ қорқасың да [8, 14-б.]; Күдігімнің қап-қара күйігіне // жанарыңнан жап-жарық жас тамады! [8, 47-б.]; Қақ жарылар қара ұйқым, // ақтарылар ақ өлең [8, 53-б.]; Түпсіз түндей қарақошқыл // ұлы Үрейдің ішінде [8, 88-б.]; Міне енді... Қала – қара, // Ай сап-сары [8, 69-б.]; Ой қараңғы! // Сөз – аппақ?.. [8, 77-б.]; Осы, қазір – аспан – қара, жол – аппақ [8, 80-б.]; Асығамыз, көңіл – ақ, жол – қап-қара [8, 28-б.]; // Астарсыз-ақ ақ сөзім мұңға ұласқан [8, 27-б.]; Күнпарақтың бояуы - // қызыл, жасыл, қоңыр, ақ... [3, 7-б.]. Көріп отырғанымыздай, ақын да ақ пен қара түстер жақсылық пен жамандықтың белгісі ретінде суреттеледі. Ақын қара түс арқылы қорқыныш пен үрейді, жамандық пен қасіретті бейнелесе, ақ түсті тазалықтың, пәктіктің, адалдықтың, жақсылықтың символы ретінде береді.

Түр-түстердің символдық мәні туралы академик Ә.Марғұлан: «Көк түс – көкке табынудың, аспанның символы, қызыл – оттың, күннің, ақ – шындықтың, қуаныштың, бақыттың, сары – ақыл-ойдың, қара – жердің, жасыл – көктемнің, жастықтың символы», - деп жазады [10, 35-б.]. Тыныштықбек ақын поэзиясындағы қызыл түс байлықтың, дәулеттің, от, жалын, көпшілік, асыл заттық белгіде суреттелген: Ақша қызыл, әрине, бұл жақта да. // «Айтақтатқан» марапат, ол да – қызыл! [8, 23-б.]; Қап-қара күрестік // жап-жасыл тартыстық, // Қып-қызыл айқастық!... [3, 25-б.]; Борап жатыр көшеде қызыл нанның қиқымы [8, 75-б.]; Шуыл құрап қалың ши, ызың құрап, // Жолға шықтым іңірде қызылқұлақ [8, 23-б.]; Бұл қай дауыл?!... Құйрығы құмға айналып, // Қызғылттанған қылшығы көзге ұратын? [8, 23-б.]; Үндемеуге шыдайды қалай дәтім, // Қызыл сөзге жанулы талайда тіл [8, 25-б.]; Дірдек қағып, қып-қызыл жыр ағады, // Айналамның бәрі де – құдай – тәңірі [8, 26-б.]; Қызғылт үміт ішінде – көкшіл арман, // Көкшіл арман ішінде – күрең өмір!.. [8, 42-б.]; Өзіңе асық қуатты Ойдың қарашығынан жаралған – // - қызғанышым – қызыл сәуле, Қызыл Сиқыр дірілдек! [8, 52-б.]; Жел – қып-қызыл! [8, 27-б.]; Құлағымның ұшында қызыл іңір [8, 32-б.]; Тереземде – көктүннің қызыл Айы... [8, 40-б.]; Сендер – қара қарғасындар кәдімгі, // Ал, мен қызыл қарғамын!.. [8, 80-б.],- деген жолдарда ақын қара түсті көбіне үрей, қорқыныш, алаңдаушылық, сенімсіздік, жамандық белгісінде суреттеумен қатар, қазақ танымындағы қара қарғаға деген жағымсыз сезімді білдіре отырып, өзің қызыл сөзді, икелі, ұғымды сөзді меңгерген, бағалы қарға қатарына жатқызып суреттейді.

Сонымен қатар, қазақ танымында күн түсіне байланысты сары түс қозғалысты, сағынышты тоқтаусыз өмірді бедерлейді. Мұның негізінде сары түс қазақтардың түсінігінше ұзақ, толассыз қимыл-әрекеттің ренкі болып саналатындығы көрінеді. Ақын жырларында сары түс шалқар кең даланы, көптікті білдіру мақсатында қолданылғанын көреміз:

Қаңқылдаған әуеде сары ала қаз [8, 9-б.]; Сары дала дөңбекшіп Күн астында, // Сайтан – сағым сорады бұлт емшегін [8, 21-б.]; Асығамыз... аспан – көк, дала – сары [8, 28-б.]. Ал енді көк түс – ұлттық таным тұрғысынан аспан, пәктіктің, жақсылықтың, мәңгіліктің, тұрақтылықтың символы ретінде беріледі. Тыныштықбек Әбдікәкімұлы поэзиясында да көк түс аспан, көк тәңірі, тазалық ұғымында, көңіл-күйіндегі сабырлық, жан тыныштығы күйінде берілген: Көгілдір нұр төгіп тұр көкте жұлдыз, // Қой көзіндей, сәулеге шағылысқан [8, 8-б.]; Көкшіл түннің жап-жарық қауырсыны [8, 86-б.]; Көк аңқыған кез еді, есінде ме, // көлеңкелер жайқалып, гүлдеп аспан... [8, 33-б.]; Көкшіл кеш, көбелектер күбірлеген [8, 37-б.].

Әлкей Марғұлан «жасыл» түсті жастықтың, көктемнің символы ретінде бейнеленді деп көрсеткеніндей, ақын поэзиясында да жасыл түс «Жаңбыр – жасыл, яки, көк пе боран» [8, 19-б.] деп, көктемнің, жаздың белгісі ретінде қолданады. Ал, «Тұмсығына қаракөк тырнақ бітіп,

// Тырнақ ұшы – жап-жасыл көз тұтанды!...» [8, 58-б.] жолдарында ақын қаракөк түс арқылы жақсылықтың басталуын меңзесе, жап-жасыл көз тұтанды деп бойына қайрат, жігер бітіп, жаңа өмір немесе жаңа белестің басталуын айтады.

«Ала» түс ұлттық түсінікте әр түрлі түстердің бірігуінен ынтымақтың, бірліктің жоқтығын білдірсе, сонымен қатар наным-сенім бойынша кішкентай сәбидің тұсауын кесерде ала жіппен байлап, ешкімнің өміріне залалы тимесін, адалдықтан аттамасын деген түсінік қалыптасқан. Тыныштықбек Әбдікәкімұлы «Қызыл-жасыл ойлардың көрінуі, // құбылмалы маусымнан ғана ма екен?» [8, 13-б.] деген жолда ойдың бір арнаға тоғыспай, сан сақта болуын айтса, «Қаражасыл аязбен бояп алған өз бетін, қырсық көше...» [8, 77-б.] деп қыстың қаталдығын суреттейді. Ақын тілдік қолданысында ойдың қара, ақ, қызыл-жасыл болатынын байқадық, сонымен бірге «Сұрғылт-сұрғылт ойлардан бой мұзданып...» [8, 9-б.] деп сұрғылт түсі арқылы салқын, үрейлі ойдың көрінісін береді.

Филология ғылымдарының кандидаты С. Дүйсенғазы: «Тыныштықбек ақын өмір суреттерін бергенде ұлттық ұғымнан бір сәтке ауытқымайды. Оның жырларының өне бойында нағыз ұлт ақынына тән мінез бен таным, түйсік пен сезім қатар өріледі. Ақынның шығармашылығы туған халқына сонысымен қадірлі, сонысымен құнды» [11, 204-б.] деп баға береді. Тыныштықбек Әбдікәкімұлы поэзиясы – ұлттық нақышта туған, ұлттық танымды терең ашатын шығармашылық. Ақынның «Тірлік» және «Ол» атты өлеңдерінде түстер арқылы қазақ танымындағы ождан, зарық, көн, нысап, қайырымдылық, шаттық пен үрей, тәулік мезгілдерінің ұғымдар жүйесі көркем беріледі:

Жеті сәуле:

Әппақ Ождан,

Көкшіл Зарық,

төгіліп...

қып-қызыл Көн,

сары нысап,

және

Қайыр қоңыры

қарасы бар жасылы бар,

(Үрейім мен шаттығым) [8, 89-б.];

Қызыл іңір,

Сары сәске,

Қоңыр бесін,

Ақ таңды

Санаушы еді ол іштен [8, 90-б.].

Қорытынды

Қазақ сөз өнерінің көрнекті тұлғасы, абыз жазушы Әбіш Кекілбаев: «Бұл әлгілердің ешқайсысын сол қалпында қайталамайтын, қазақ өлеңінде ара-тұра ұшырасып қалып жүрген талай-талай соны соқпақтарды соңына дейін жеткізіп, айдын жолға айналдыра алған аршынды, сонысымен де көзіңе сойқан елестейтін айбынды ақын. Бұрын-соңды болмаған ақын... Қазақша айтқанда, біртүрлі ақын» [12, 582-б.],- деп бағалаған қазақтың көрнекті ақыны Тыныштықбек Әбдікәкімұлы поэзиясы – қазіргі қазақ сөз өнерінің биік деңгейі. Ақынның түн мезгілі мен түстер палитрасының бейнесін ұлттық нақышта, мифтік танымда ерекше суреттегенінен оның дара қолтаңбасын, стильдік ерекшелігін байқаймыз. Поэтикалық лексика ақынның жеке стильдік қолтаңбасы болғандықтан, түн мен түстер палитрасы ақынның жан дүниесінен ерекше орын алғанын көреміз. Түн мен түстер бейнесі арқылы Тыныштықбек Әбдікәкімұлының құпия сырлар мен романтикалық ойларды әсерлі бергенін аңғарамыз.

Т. Әбдікәкімұлы шығармашылығындағы «түн мезгіліне қатысты» поэтикалық жүйеге жатқызған мысалдардың басым көпшілігінде түн көркем бейнелеу объектісі емес, белгілі бір лирикалық жағдайды тудыратын фактор ретінде әрекет етеді. «Түнгі» поэзияның супермәтіні «түнгі сана» парадигмасының шекарасында қалыптасып, мәтіндік жағдайдың ортақтығы, көркемдік эстетикасының типологиялық ұқсастығы (авторлық идеялық-эмоционалды бағалау) арқылы осы жүйенің тұтастығын қамтамасыз ететін өзара байланысты сөз тіркестері мен мәтіндердің эмоциялық жүйесі ретінде көрініс табады.

Түстер палитрасының берілуіне келгенде, ақын шығармашылығында ақ, қара, сары, қызыл, т.б. түстердің ұлттық таным тұрғысынан бейнеленгені, ұлттық болмысты ашып суреттегені байқалады. Қазақ дәстүріндегі түстер жайлы ұғымдардың қалыптасқан ұлттық нақышы көрінеді. Түстер арқылы образдарды бейнелеп, оқырман эмоциясына әсер ету, түстерге қатысты өзіндік дара сөз қолданысы табиғатын жандандыру, адам мінезіне, қоршаған табиғатқа, діни түсініктерге жеке көркем пайымдауларын жасау айқындалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.І. – Алматы: Ел шежіре, 2013. – 384 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007. – 360 б.
3. Әбдікәкімұлы Т. Бесінші маусым жұпары (Өлеңдер мен толғаулар, поэмалар мен балладалар). – Алматы: Атамұра, 2020. – 304 б.
4. Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. Исследования разных лет. – М.: Худож. лит., 1975. – 504 с.; Лотман Ю.М. В школе поэтического слова. – М.: Просвещение, 1988. – 352 б.; Тихомирова Л.Н. «Ночная» поэзия в русской романтической традиции: генезис, онтология, поэтика: Автореф. ... канд. фил. наук. – Екатеринбург, 2010. – 24 с.; Ерофеева Л.А. Метафорическая объективация концепта ночь в поэзии Р.М. Рильке // Вестник Воронежского государственного университета. Серия: лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2006. – №2. – С. 69–76.; Таныгина Е.А. Образ цвета в сознании носителя языка: Автореф. ... канд. фил. наук. – Курск, 2012. – 19 с.
5. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 507 б.; Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2004. – 412 б.; Қасым Б.Қ. Ұлттық дүниетанымдағы түр-түстердің символдық қызметі // Тілтаным. – 2015. – №3. – Б. 103–108.; Асқарова Б.Қ. Жұмекен Нәжімеденов поэзиясындағы түр-түс концептісі // Алаш қозғалысының 100 жылдығына арналған «Жастар – елдің рухани және зиятты әлеуеті: тарихи тәлім және даму келешегі» атты XVII халықаралық студенттер мен магистранттардың ғылыми конференциясы. – Орал, 2017. – 331 б.
6. Халидуллаева Г.Б. Поэзиядағы концептілерді салыстыру // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №3(129). – Б. 198–210. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.15>
7. Жақып Б. Қазақ поэзиясы – 2014 // Қазақ әдебиеті. – 2015. – 29 мамыр – 4 маусым. – 6 б.
8. Әбдікәкімов Т. Ақшам хаттары: Өлеңдер, балладалар, толғаулар. – Алматы: Жалын, 1993. – 128 б.
9. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 174 б.
10. Марғұлан Ә. Қазақ әлемі. – Алматы: Press Co, 2021. – 66 б.
11. Дүйсенғазы С.М. Тыныштықбек Әбдікәкімов поэзиясындағы көркемдік һәм дүниетанымдық ізденістер // Қазақ білім академиясы баяндамалары. – 2019. – №1. – Б. 201–208.
12. Кекілбаев Ә. Энциклопедия. Шығармашылығы. – Алматы: Арыс, 2018. – 800 б.

REFERENCES

1. Baitursynov A. Alty tomdyq shygarmalar jinagy [Collection of works in six volumes]. – Almaty: El shejire, 2013. – 384 b. [in Kazakh]
2. Kabdolov Z. Soz oneri [The art of the word]. – Almaty: Sanat, 2007. – 360 b. [in Kazakh]

3. Abdikakimuly T. Besinshi mausym jupary (olender, tolgaular, poemalar men balladalar) [The fragrance of the fifth season (poems and reflections, poems and ballads)]. – Almaty: Atamura, 2020 – 304 b. [in Kazakh]
4. Bahtin M. Voprosy literatury i estetiki. Issledovania raznyh let [Questions of literature and aesthetics. Studies of different years]. – M.: Hudoj. lit., 1975. – 504 s. [in Russian]; Lotman Iu.M. V shkole poeticheskogo slova [In the school of poetic speech]. – M.: Prosveshenie, 1988. – 352 s. [in Russian]; Tihomirova L.N. «Nochnaia» poezia v russkoi romanticheskoi tradicii: genezis, ontologiya, poetika [“Night” poetry in Russian romantic tradition: Genesis, ontology, poetics]: Avtoref. ... kand. fil. nauk. – Ekaterinburg, 2010. – 24 s. [in Russian]; Erofeeva L.A. Metaforicheskaia obiekktivacia koncepta noch v poezii R.M. Rilke [Metaphorical objectification of the concept of night in poetry R.M. Rilke] // Vestnik Voronejskogo gosudarstvennogo universiteta. Seria: lingvistika i mejkulturnaia kommunikacia. – 2006. – №2. – S. 69–76. [in Russian]; Tanygina E.A. Obraz cveta v soznanii nositelia iazyka [The image of the color in the creation of the teacher of the language]: Avtoref. ... kand. fil. nauk. – Kursk, 2012. – 19 s. [in Russian]
5. Qondybai S. Argyqazaq mifologiasy [Protokazakh mythology]. – Almaty: Daik-Press, 2004. – 507 b. [in Kazakh]; Syzdykova R. Sozder soileidi (sozderdin qoldanylu tarihytan). Koptomdyq shygarmalar jinagy [Speaks words (from the history of the use of words). Collection of multi-volume works]. – Almaty: El-shejire, 2004. – 412 s. [in Kazakh]; Qasym B.Q. Ultyq dunietyndygy tur-tusterdin simvoldyq qyzmeti. [Symbolic function of colors in the National worldview] // Tiltanym. – 2015. – №3. – B. 103–108. [in Kazakh]; Askarova B.K. Jumeken Najimedenov poeziasyndygy tur-tus konceptisi [Color concept in the poetry of Zhumeken Nazhimedonov] // Alash qozgalysynyn 100 jyldygyna arналған «Jastar – eldin ruhani jane ziatty aleueti: tarihi talim jane damu keleshegi» aty XVII halyqaralyq studentter men magistranttardyn gylymi konferenciasy. – Uralsk, 2017. – 331 b. [in Kazakh]
6. Halidullaeva G.B. Poeziadagy konceptilerdi salystyru [Comparison of Concepts in Poetry] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №3(129). – B. 198–210. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.15>
7. Jaqip B. Qazaq poeziasy – 2014 [Kazakh poetry – 2024] // Qazaq adebieti. – 2015. – May 29 - June 4. – B. 6. [in Kazakh]
8. Adbykakimov T. Aqsham hattary: olender, balladalar, tolgaular [Aksham hattary: poems, ballads, reflections]. – Almaty: Jalyn, 1993. – 128 b. [in Kazakh]
9. Qaidarov A., Ahtamberdieva Z., Omirbekov B. Tur-tusterdin tildegi korinisi [The expression of colors in language]. – Almaty: Ana tili, 1992. – 174 b. [in Kazakh]
10. Margulan A. Qazaq alemi [Kazakh world]. – Almaty: Press Co, 2021. – 66 b. [in Kazakh]
11. Duisengazy S.M. Tynyshtyqbek Abdikakimov poeziasyndygy korkemdik ham dunietyndygy izdenister [Artistic and ideological research in the poetry of Tynyshtyqbek Abdikakimov] // Qazaq bilim akademiasy baiandamalary. – 2019. – №1. – B. 201–208. [in Kazakh]
12. Kekilbaiev A. Enciklopedia. Shygarmashylygy [Kekilbaiev A. Encyclopedia. Creativity]. – Almaty: Arys, 2018 – 800 b. [in Kazakh]